

**6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
 Ботабаев Галымжан Еркебаевичтің
 «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны»
 тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсеткен. Жоғарыда көрсетілген мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапты, атап айтсақ:</p> <p>2009 жылдың 26 қазанында Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясының ашылуында Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық бірлік-біздің стратегиялық таңдауымыз» деген тақырыптағы баяндамасында былай деген: «Ең алдымен білім мен тәрбие беру жүйесі арқылы, БАҚ-тарда этносаралық қарым-қатынастар тақырыбын әдепті жазу арқылы, қазақстандықтардың құқықтық мәдениетін арттыру арқылы азаматтық біртектілікті, қазақстандық қоғамдағы толеранттылықты дамыту қажет деп атап өтілген болатын, ендеше бұл талаптарды орындау үшін оқытушының арнайы қабілеттері мәселесі бойынша еңбектерді талдау негізінде оларды зерттеуді ұйымдастыру керек.</p>

			<p>Олай болса, зерттеу бірнеше бағыттарда жүргізілгенін көрсетеді: педагогикалық қабілеттіліктің мәнін, пәндік құрылымын анықтау; оқытушының педагогикалық қабілеттілігінің жекелеген түрлерін зерделеу; оқытушының арнайы қабілетіне пәндік ерекшелігі мен бағыттылығының әсерін зерттеу; оқытушылардың жеке қасиеттерімен қабілеттерінің өзара байланысын анықтау; оқытушының кәсіби қалыптасуын зерттеу. Десекте, психологияда педагогикалық толеранттылықтың мазмұны жөнінде нақты бір анықтама жоқ. Сондықтан педагогикалық толеранттылық мәселесін, оқытушының арнайы қабілетін дамытуды психологиялық маңызды ерекшелік ретінде талдауға мұқтаж екенін аңғартқан.</p> <p>Жоғарыда аталған нормативтік құжатқа сәйкес беріліп отырған толеранттылықты дамыту басты міндеттердің бірі болғандықтан «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түскен. Докторант Г.Е.Ботабаевтың зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жүргізілген.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2024-2026 жылдарға арналған «Білім мен ғылым саласындағы зерттеу» ғылымды дамытудың «Елдің зияткерлік дамуы» басым бағыттарына оның ішінде «Педагогика саласындағы зерттеулерге» сәйкес келеді. 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша докторантура бағдарламасы</p>

		<p>Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>негізінде орындалды. «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы зерттеу жұмысы аясында орындалған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогика ғылымының әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығымен айқындалды. Олар: Біріншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері анықталды; Екіншіден, алғаш рет қазақстандық педагогика, психология ғылымының шеңберінде оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылық мәселесі қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалды; Үшіншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, ЖОО-ғы педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттары әзірленді; Төртіншіден, жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізілді; Бесіншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы деңгейін</p>

			қамтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толеранттылық психологиясы» бағдарламасының әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын аша түседі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Г.Е.Ботабаев диссертациялық жұмысты жазуда өзіндік жазу принциптерін ұстанған. Сонымен қатар дерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, өзіндік интерпретация бере білген. Жазылған ақпараттар талдаудан өтіп, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі: Жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін көптеген ғалымдардың зерттеулерінде ашады. Әрине, тәжірибелік маңыздылығына байланысты төзімділік (толеранттылық) мәселесі Қазақстандық ғылымдарының шығармаларындағы зерттеулерінде педагогикалық-психологиялық негіздерін ғана байқауға болады. Олар толеранттылық мәселесін әлеммен белсенді қарым-қатынастың нысаны ретінде қарастырады. Ол басқа адамдардың пікіріне, мінез-құлқына және сеніміне толеранттылық қатынаста, әлеуметтік өмірдің көп өлшемділігін тану және есепке алуда көрінеді. Педагогикалық толеранттылық бұл – педагогтың өз әріптестері мен студенттерге түсіністікпен қарап, олармен төзімді қарым-қатынас жасаудың белгісі. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде

			<p>орнай салмайтыны анық.</p> <p>Психологияда педагогикалық толеранттылықтың мазмұны жөнінде нақты бір анықтама жоқ. Сондықтан, педагогикалық толеранттылық мәселесін оқытушының арнайы қабілетін дамытуды психологиялық маңызды ерекшелік ретінде талдауға мүмкіндік туды.</p> <p>Оқытушының арнайы қабілеті мен педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерешеліктері өкінішке орай мұғалім жұмысында бірінші дәрежелі мәнге ие, сыйластық пен төзімділіктің айтарлықтай тапшылығы сезіледі. Күнделікті педагогикалық практикада әр түрлі дәрежедегі педагогикалық толеранттықтың көріністерін кездестіруге болады – студенттің «өз пікіріне» немқұрайлықтан бастап оның ашық және қатаң құнсыздануына дейін және оқытушының өзін «дұрыс емес көзқарастар» үшін қорлауға дейін баруы. Бұл мәселенің қойылуы ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігін және таңдауын анықтады «педагогикалық толеранттылықтың» психологиялық мазмұны оқытушының арнайы қабілетінің маңызды сапасы ретінде негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Аталмыш диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты:</p>

		<p>2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>1. Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың бастапқы деңгейін анықтау; 2. Оқытушылардың арнайы қабілетін кәсіби қабілет деңгейімен байланысын ашу; 3. Оқытушының психологиялық қасиеттерін және оның арнайы қабілет тәжірибесін талдау негізінде ЖОО-ның оқытушысының педагогикалық толеранттылық ерекшелігін анықтау; 4. Отандық және шетелдік педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылық сипаттамаларын түсінудің негізгі теориялық тәсілдерін анықтау; 5. Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға сабақ беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелігіне педагогикалық толеранттылықтың әсерін анықтау және оның қызметінің барысында маңызды психологиялық ерекшелік ретінде негіздеу.</p> <p>Зерттеу міндеттері зерттеудің мақсатын нақтылай келе, ЖОО-ның оқытушысының арнайы қабілетін дамыту жұмыстары және бағдарлама әзірленіп, педагогикалық толеранттылықты зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынып, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасаумен сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылысы мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен,</p>

			<p>зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында «Толеранттылық» «Төзімділік» «Қабілет» ұғымдары ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған; оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылып, ЖОО-ғы педагогикалық толеранттылықтың негізгі бағыттарын дайындауда, әдістеменің тиімділігін тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілген. Олар:</p> <p>Біріншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздерін анықтауы толығымен жаңа.</p> <p>Екіншіден, алғаш рет қазақстандық педагогика, психология ғылымының шеңберінде оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылық мәселесі қарастырылып, іргелі және қолданбалы білімдерді дамытуға мүмкіндік жасалған және толығымен жаңа.</p> <p>Үшіншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі</p>

			<p>ұсынылып, ЖОО-ғы педагогикалық толерантылықтың негізгі бағыттары әзірленді және толығымен жаңа.</p> <p>Төртіншіден, жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толерантылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізілген және толығымен жаңа.</p> <p>Бесіншіден, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толерантылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толерантылық психологиясы» бағдарламасы әзірленуі толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Г.Е.Ботабаев оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толерантылықтың психологиялық мазмұнын зерделеуі ғылыми педагогикалық-психологиялық еңбектерді сараптап талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және тұжырымды қорытынды жасай алғандығы үшін толығымен жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Докторанттың ұсынған оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толерантылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері жаңа және негізделген. Диссертация жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толерантылық</p>

			<p>мәселесіне бағытталған практикалық көмек ретінде ғылыми әдістемелік еңбектер әзірленген және оқу үдерісіне енгізілген. Тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдар мен ендіру актілерімен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.</p> <p>Сонымен қатар зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 10 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның 3-уі ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала SciVerse Scopus базасына енген шетелдік басылымында, 6 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтары мен шетелдік ғылыми журналда.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми</p>

			<p>жүргізілген, арнайы қабілеттердің гипотезалық теориялық моделін әзірлеп, интегралдық даралық теория арнасында педагогикалық толеранттылықтың психологиялық тұжырымдамасын қалыптастырған;</p> <p>- оқытушылардың кәсіби қалыптасу кезеңдеріне байланысты әртүрлі пәндер олардың арнайы қабілеттерінің педагогикалық толеранттылық пен психологиялық құрылымын тәжірибелік тексерістен өткізген;</p> <p>- арнайы қабілеттерді детерминациялайтын интегралды даралықтың әр түрлі деңгейлі қасиеттерінің педагогикалық толеранттылықтың кешендерін анықтаған.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтсақ, диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері және әзірленген жүйелілік тұғырдың әдістері педагогика және психологиялық білім беруде қолдануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен ғылыми нәтижелерінің үйлесімділігі жоғары деңгейде бағаланады. Жұмыстың бөлімдері мен бөлімшелері арасындағы байланыстар логикалық түрде көрініс табады.</p> <p>Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Шымкент қаласының М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушыларына арналған тренингтік бағдарламасының «Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылығы» атты курсы аясында педагогикалық толеранттылық қалыптастыру тренингі</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>басылымдарда, SciVerse Scopus базасына енген шетелдік басылымында, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда жарияланған мақалалармен, оқу құралдарында, монографияларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Г.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертаци жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен құрастырылған; тәжірибелік – эксперименттік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістерімен өңделіп орындалған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша</p>	<p>Г.Е.Ботабаевтың «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына қатысты психологиялық-педагогикалық еңбектер, ҚРБЖҒМ ресми құжаттары, алыс-жақын</p>

		<p>даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>шетелдік ғалымдардың жетістіктері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалуымен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы әдебиеттерге, атап айтсақ: ҚР нормативтік - құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға жасалған сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 175 еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Докторант алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.</p>
<p>9.</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық құндылық оның нәтижелерін нақты жағдайларда қолдану мүмкіндігімен анықталды. Оның дәлелі, атап айтқанда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - отандық және шетелдік педагогика және психологиядағы педагогикалық толеранттылық сипаттамаларын түсінудің негізгі теориялық тәсілдерін айғақталған; - оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға сабақ беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелілігіне педагогикалық толеранттылықтың әсері анықталған; - пән оқытушысының арнайы қабілеттеріне теориялық-тәжірибелік психологиялық талдау

			өткізген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша әдістемелік құрал жасаған.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға арналған зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі толықтай жаңа;</p> <p>2) Оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша «Педагогикалық толеранттылық психологиясы» бағдарламасы толығымен жаңа;</p> <p>3) Жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың арнайы қабілетін дамытуға педагогикалық толеранттылықтың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу әдістемелері жүргізу ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді жиі қолдана білген. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық мазмұнына қатысты ескертулер жоқ. Диссертациялық жұмыста грамматикалық қателер және сөздердің бірігіп қалуы кездеседі.</p>

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу диссертациялық жұмыс формасында ұсынылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша Ботабаев Галымжан Еркебаевичқа философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасалсын.

Ресми рецензент
 Л.Н. Гумилев атындағы
 Еуразия ұлттық университеті,
 «Педагогика» кафедрасының доценті,
 педагогика ғылымдарының кандидаты

Б.С.

С.С.Байсарина

